

## Тілдер мерекесі аталып өтті

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе.

«Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығымен бекітілген тізбеге сәйкес қыркүйек айының үшінші жексенбісі «Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» болып белгіленгені баршамызға мәлім. Осыған орай қасиетті қара шаңырақ әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері мен оқытушылары тілдер мерекесін айрықша атап өтті.

2016 жылы қыркүйегінде «Тілдер» фестивалі аясында Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы» кафедрасы «Ана тілің – арың бұл» атты мерекелік іс-шаралар өткізді.

Шаралардың басты мақсаты жастарға ана тілімізді ардақ тұтып, өзге тілді игерудің және де елімізде тату тәтті өмір кешіп жатқан ұлттар мен ұлыстардың тіл мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу. Сонымен қатар өз ана тіліміздің тазалығын, көркемділігін, байлығын, шешендігін, әуезділігін сақтай отырып, ана тіліне сүйіспеншілікті арттыру, мемлекеттік тіл мәселесін көтеруге үлес қосу. Шын мәнінде тіл ұлттың жаны, ары және бірліктің бастауы. Қай ұлт болса да оның басты құндылығы тілі екені даусыз. Қазіргі ғылым мен техниканың заманында қазақ жастары әлемдік интеграция үрдісіне ілесіп, дүниежүзінде нарық пен ғылымның тілі болған ағылшын, қытай, неміс тілдерін игеру заман талабы. Әлемде дамыған елдердің бірі Жапонияда жас ұрпағына әуелі ана тілін толық меңгермей тұрып өзге тілді үйретуге рұқсат бермейді. Әрине, бұл да игі дәстүр. Осы тұрғыдан аталмыш шара барысында жастар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып, ана тіліміздің қадірін түсінумен бірге өзге тілдерге құрметпен қарау туралы тұшымды ойларымен бөлісті.

Шараларды «Қаржы» мамандығының 1 курс студенттері мен топ кураторлары ұйымдастырды. Мерекелік шара студенттер дайындаған шағын мерекелік концертпен аяқталды.

Шараларға Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы» кафедрасының оқытушылары мен студенттері түгелдей қатысты.

«Қаржы» мамандығының 1 курс студенттерінің кураторы Асилова А.С.